

*И.Р.Халитова<sup>1</sup> Н.О.Атемкулова<sup>2</sup> Г.К.Ширинбаева<sup>3</sup>*

<sup>123</sup>*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы, Қазақстан*

## ТАРИХИ МҰРАЛАР ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫ РУХАНИ ДАЯРЛАУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

### *Аңдатпа*

Тарихи, әдеби мұралардағы әлеуметтік-тәлімдік ойларды оқу мазмұнына ендіру бір жағынан білім алушылардың тарихи тәжірибелерді танып-білуі арқылы, тәжірибелік біліктілігін байытуға көмектесе, екінші жағынан әлеуметтік педагог мамандардың ішкі жан-дүниесін байытып, сезім мен білімнің ұштасуына және оның іс-әрекетінде көрініс беруіне шарт түзеді.

Адамдар қауымында қай заманда болмасын белгілі бір қайшылықтар болып тұрғандықтан, оны реттеуге қатысты ой-пікірлерде туындап, кейде тіпті қолданылып та келген. Тарих қойнауына еніп кеткен сол пікірлерді тауып қазіргі күні пайдаланудың да тиімді жолдарын қарастыру мәселесін танып-білу қажеттігі бар.

Әлеуметтік педагогика басқа ғылым салаларымен тығыз байланысты. Айталық, белгілі бір себептердің салдарынан физиологиясына (денесіне) зақым келген адаммен жұмыс істеу үшін, дене мүшелерінің ауытқу немесе қызметінің бұзылуын ұғынған да ғана әлеуметтік педагог онымен жұмысты дұрыс ұйымдастыруға болады. Сол секілді психикасына зақым келген адаммен жұмыс істеу үшін психиатрияны білуі қажет. Сондықтан әлеуметтік педагогикалық қызметте ғылымның көптеген салаларын танып-білу міндеті қойылады.

**Түйін сөздер:** тарихи мұралар, әдеби мұралар, әлеуметтік-тәлімдік ойлар, әлеуметтік педагог маманы, тарихи тәжірибе, біліктілігін жетілдіру.

*I.R.Halitova<sup>1</sup> N.O.Atemkulova<sup>2</sup> G.K.Shirinbayeva G.K.<sup>3</sup>*

<sup>123</sup>*Kazakh national pedagogical University named after Abai  
Almaty, Kazakhstan*

## HISTORICAL HERITAGE AS A MEANS OF MORAL TRAINING OF SOCIAL TEACHERS

### *Abstract*

The introduction of socio-pedagogical ideas into the historical and literary heritage enriches the content of training, makes it possible to enrich their practical skills through familiarity with historical experience, on the one hand, on the other hand, it enriches the inner world of social teachers as specialists, connecting the feeling and consciousness, thereby creating conditions for successful effective activities. In human society, various types of contradictions have always appeared at any time, but at the same time, methods and ways to eliminate them have been invented.

Unfortunately, we have recently become interested in foreign technologies of training and education, their ideas, and have lost sight of the rich experience of the past, which includes methods and methods of social education of children and youth. The problem is that it is necessary to identify them and use them in practice.

The activity of a social pedagogue, in particular, is associated with rehabilitation, socialization and other types of work among children, youth and adults. The history of social pedagogy spiritually enriches future specialists on the one hand, and on the other, helps to accumulate the experience of the past in order to use them in solving modern problems. Literary and historical materials concerning the social side of the life of the Kazakh people in this regard is important and essential.

**Keywords:** historical heritage, literary heritage, socio-educational ideas, specialist of a social teacher, historical experience, improvement of qualifications

И.Р.Халитова<sup>1</sup> Н.О.Атемкулова<sup>2</sup> Г.К.Ширинбаева<sup>3</sup>

<sup>123</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Алматы, Казахстан

## ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ КАК СРЕДСТВО НРАВСТВЕННОЙ ПОДГОТОВКИ СОЦИАЛЬНЫХ ПЕДАГОГОВ

### Аннотация

Внедрение социально-педагогических идей в историко-литературное наследие обогащает содержание обучения, дает возможность обогатить свои практические навыки посредством знакомства с историческим опытом, с одной стороны, с другой он обогащает внутренний мир социальных педагогов, как специалистов, связывая чувство и сознание, тем самым создает условия для благополучной результативной деятельности. В человеческом обществе всегда и в любое время возникали различного типа противоречия, но вместе с тем, придумывались и методы, и пути для их устранения.

К сожалению, мы в последнее время увлеклись зарубежными технологиями обучения и воспитания, их идеями, и упустили из виду богатый опыт прошлого, который включает в себя методы, способы социального воспитания детей и молодежи. Проблема состоит в том, что необходимо выявить их, и использовать в практической деятельности.

Деятельность социального педагога, в частности, связано с реабилитацией, социализацией и другими видами работ среди детей, молодежи и взрослых. История социальной педагогики духовно обогащает будущих специалистов с одной стороны, и с другой, помогает накоплению опыта прошлого, чтобы использовать их в решении современных проблем. Литературные и исторические материалы, касающиеся социальной стороны жизни казахского народа в этом плане является важным и существенным.

**Ключевые слова:** историческое наследие, литературное наследие, социально-воспитательные идеи, специалист социального педагога, исторический опыт, совершенствование квалификации

**Кіріспе.** Әлеуметтік педагогика жалпы педагогикалық мәселелерді ғана емес, қауымның белгілі бір ауытқуларға ұшыраған бөлігін қатарға қосуға арналғандықтан бірнеше ғылым салаларының интеграциясы және солармен тығыз байланыста адамның басына түскен күйзелісті ахуалды шешу жолдарын қарастырады.

**Зерттеу әдістемесі.** Әлеуметтік педагогтардың қызметі қажымайтын, талмайтын рухани қуатты қажетсінеді: ішкі әлемі адалдық, әділдік, мейірім, қайырым, ізгілік істер секілді біліммен ұштасып жататын рухани байлықты талап етеді. Жан-дүние тазалығы, өз басына емес басқалардың басындағы ауыртпалықты қоса көтерісіп, жеңуіне көмектесіп, тірек бола алады. Әлеуметтік педагогтар өз міндетін өтеуге рухани-психологиялық даяр болмаса қателіктер жіберіп, онсыз да «қаусап» тұрған адамға, өзіне, басқаларға рухани нұқсан келтіруіне себепші болып қалуы әбден мүмкін. Әлеуметтік педагогтардың рухани-психологиялық даяр болуы кәсіптік дайындықтың құрамдас бөлігі және бұл оның өз міндетін талапқа сай орындауын қамтамасыз етеді. Рухани-психологиялық дайындық әлеуметтік педагогтардың мінез-құлқының мына тараптарында белгі беріп тұрады [1, б. 28]:

- қандай жағдайда болмасын адамгершілік және кәсіптік парызын орындауға ұмтылуы;
- кез-келген адам үшін, Қазақстан халқы үшін, аянбай еңбектенуді мақсат етуі;
- адамдық, ізгілік қасиеттерді бәрінен жоғары санап кәсіптік қызметінде, күнделікті тұрмыста одан ауытқымауы;
- адамды бәрінен құнды деп санап, оның мүддесін қорғауға дайын болуы;
- жақсылыққа сенуі, жақсылық істеуден жалықпай қаймықпауы, моралдық-психологиялық тұрақтылығы;

Әлеуметтік педагогтарды рухани-психологиялық даярлаудың мақсаты-оларда кәсіби іс-әрекетке қажет адамгершілік қасиеттерді білім-біліктілікті өзара сабақтастыру. Әлеуметтік педагогтарды даярлаудың жалпы мақсатына негіздей келе, оларды әлеуметтік-педагогикалық және рухани-психологиялық даярлаудың міндеттерін төмендегіше айқындауға болады:

- Қазақстанда адамгершілікті, өркениетті, демократиялы қоғам құруды көздейтін мәселелерді шеше білуге даярлау;

- рухани–психологиялық сапаларын қалыптастыру және әлеуметтік-тәрбиелік, моралдық–психологиялық мәселелерді шешуге даярлау;
- жоғары мәдениетті, педагогикалық әдеп қалыптастыру, теріс мінез-құлықтарды жоюға көмектесуге даяр болу;
- кәсібіндегі, өмірдегі әр қандай психологиялық, моралдық күрделі ахуалдардан жол таба білуге үйрету.

Әлеуметтік педагогтарды рухани–психологиялық даярлаудың мазмұны мыналарды қамтиды [2, б. 15]:

- адамның қоғамдық ортадағы өзін ұстауын немесе мінез–құлқы мен жүріс–тұрысын т.б. қажетті адамгершілік нормаларын бойына сіңіру, оны танып–білу;
- әлеуметтік педагогтардың адамгершілік қасиеттерін және оның кәсіптік маңызын ашып көрсету және тәрбиелеу;
- жеке адам не топпен қарым-қатынас орнатудағы адамгершіліктің маңызын аңғарту және ұстануға үйрету;
- әлеуметтік педагогтар іс–әрекетінде адамгершілік бағыттарды ұстануға дағдылануы–істің ұтымды да пайдалы болуына шарт түзеді.

Мұны жүзеге асырудың бір мүмкіндігі осы, біз айтып отырған тарихи тәжірибелерді танып–білу.

Өйткені, адамдар қауымында қай заманда болмасын белгілі бір қайшылықтар болып тұрғандықтан оны реттеуге қатысты ой-пікірлерде туындап, кейде тіпті қолданылып та келген. Тарих қойнауына еніп кеткен сол пікірлерді тауып қазіргі күні пайдаланудың да тиімді жолдарын қарастыру мәселесін танып–білу қажеттігі бар.

Тарих–дегенде өткен дәуір, небір заман ойға оралып, қиялымыз шарықтап оқыған, естіген, білген тіпті көргеніміз көзалдына келеді. Тарихи кезеңдерді зерттеп ондағы кейбір оқиға, құбылыстар қоғамдық өзгерістер мен тарих қойнауындағы адамның санасы мен бүкіл бір халықтың немесе ұлттың ахуалын нақтылау, деректер, дәлелдер, айғақтар іздеп тауып, оның анық-қанығына көз жеткізу т.б. ғылыми–зерттеудің құзырында. Өйткені, «қоғам тарихы халықтың зердесі» - дейді тарихшы ғалымдар.

Кез-келген зат не құбылыстың келіп шығу тегі, дамуы, өзгерістерге ұшырауы, белгілі бір уақыт аралығындағы ахуалы оның тарихын құрайды. Қазақ ұлттық энциклопедиясында тарих: 1) табиғат пен қоғамның уақыт пен кеңістіктегі өткен жолы; 2) адамзат қоғамының өткенін жан-жақты зерттейтін ғылым саласы» - делінген [3, б. 660].

Әйгілі «Тауарих хамса (бес тарих)» кітабының авторы этнограф, тарихшы Құрбанғали Халидұлы тарихты «теңдесі жоқ ақылшы, қайғы мен қуанышта қапысыз жолдас болатын білім тірегі–тарих демекпін» - дей келе, қандай болған күнде де тарихи шындықты нақ, анық жазу қажет екенін де атап кеткен. Қазақтың бүкіл тарихын әлеуметтік–мәдени және тәлімдік мәнде деуге болады. Өйткені олар көбінесе халықтың ауыз әдебиетінде көрініс тауып, оқиғаны баяндаумен қатар одан шығатын тәлімдік ақыл–парасатта айтылады. Бізге керегі осы тәлімдік ойлар және олардың бүгінгі күн мәселелерін шешуге тигізетін шарапаты [4, б. 9].

Педагогика және әлеуметтік педагогиканың тарихына қатысты зерттеулер қазақстандық Қ.Халидұлы [5], Қ. Бержанов және С.Мусин [6], Қ.Жарықбаев пен С.Қалиев [7], К.Қ.Құнантаева [8], Ә.Әбиев [9], Ғ.Қабекенов [10], К.Қ.Құнантаева мен И.Р.Халитова [11], С.А.Ұзақбаева [12] т.б. авторлар тарапынан жазылған. Бұл еңбектерде тарихи тәжірибелерді әлеуметтік–педагогикалық жұмыста пайдалану мүмкіндіктері зерделенбеген.

Әлеуметтік педагогиканың тарихы–ежелгі дәуірден бастап осы күнге дейінгі әртүрлі тарихи дәуірде өмір сүрген адамдар арасындағы мінез–құлық, жүріс–тұрыс, қарым–қатынас қарама–қайшылықтарын және оны туындататын әлеуметтік, табиғи ахуалдарды танып–біледі, сол кездегі оларды реттеу жолдарының бүгінгі мүмкіндіктерін зерделейді.

Педагогикалық энциклопедия да «педагогиканың тарихы - әртүрлі тарихи кезеңдердегі тәрбие, оқыту мен білім берудің теориясы мен практикасының дамуын танып–білетін ғылым. Педагогиканың тарихы сонымен бірге педагогика және тарихи ғылым» делінген. Тарихи–педагогикалық таным мен ізденістер философияның «абсолютті шындыққа дереу қол жеткізу мүмкін емес, ол алдымен шындыққа жақын нәрселерден жинақталады»–деген тұжырымынан да тысқары емес [13].

Тарихи, әдеби мұраларды әлеуметтік педагог мамандар даярлауда оқыту, біріншіден, олардың тарихи тәжірибелерді танып–білуіне жетелесе, екінші бір жақтан, ол білімі рухани әлемін байытады. Әлеуметтік педагогтардың бір жұмыс саласы кемтар, сырқат, күйзеліске ұшыраған адамдармен

жұмыс болуы себепті рухани байлығы оның қызметінің нәтижесіне тікелей әсері бар. Олар үшін қайырымды, мейірімді, ізгілікті болу сол себепті басты талаптарды құрайды. Тарихи, әдеби мұралар осындай мысалдар мен үлгі-өнегеге толы болуына байланысты істің осы тұсына мән беру маңызды.

Халқымыздың салт-дәстүрі, ырым-тұйымдар, әртүрлі мерекелер мен тойлар баланы әлеуметтендірудегі маңызы-баланы өз ұлтының ерекшеліктерін таныстырумен қатар ересектер, құрбылары тағы басқалармен араласуға шарт түзеді. Осындай ортада өзін ұстау, сөйлесу, қарым-қатынас дағдыларын меңгереді.

**Зерттеу нәтижелері.** Мақал-мәтелдердегі әлеуметтік тәрбиелік пікірлер балалар мен жастар, ересектердің мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, әдет-дағдылары мен сана-сезіміндегі көріністерді қысқа да нұсқа, ұтымды сөздермен сипаттайды, сонымен қатар кемшіліктерді түзету бойынша нұсқаулық деуге болады. Мысалы, «балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» –отбасында баланы тәрбиелеуде үлгі-өнегенің ықпалына меңзейді; «Келінім саған айтам, қызым сен тыңда» –келінге айтарын, тікелей емес жанама түрде, әдептілік ұстанымын сақтау арқылы жеткізу өнегесін көрсетеді, «Алдыңғы дөңгелек қалай жүрсе, кейінгісі ізімен жүреді»–дегені, отбасындағы ересектердің аға, әпкелерінің іні, қарындастарына жақсы жол көрсетуі керек дегені; «Қарағайға қарап тал өсер, қатарына қарап бала өсер»–дегені, баланың құрбы-құрдастарының ықпалының бәрінен де қуатты болатынын және осыны отбасы тәрбиесінде ескеру қажеттігін көрсетеді. «Ұлың өссе ұлықтымен, қызың өссе, қылықтымен көрші бол»–дегені, баланы қоршаған әлеуметтік ортаның әсеріне назар аудару қажеттігін көрсетеді; «баланы қойсаң еркіне, далаға барып отырып келер бөркіне» немесе «қызым үйде, қылығы түзде»–дегені–баланың үйде, көз алдындағы қылықтарынан гөрі шетте, басқа жақта өзін қалай ұстайтыны маңызды екенін білдіреді.

Болашақ әлеуметтік педагог мамандар мақал-мәтелдерді жұмыс тәжірибесінде пайдаланса нәтижесіне оң ықпал етеді. Өйткені мақал-мәтелдер қысқа, ұғынықты, дәл тауып айтылған. Оларды балалар жылдам жаттап алады «білсе пайдаланады»–деген пікірдеміз.

Би–белгілі бір саяси, құқықтық құзіретке ие, ықпалы күшті жеке тұлға, «дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік демократиялық биліктің иесі» – делінген қазақ ұлттық энциклопедиясында [14, б. 317]. Би–қазақ халқының қоғамдық өмірін реттеу, адамдардың арасындағы қарым-қатынастың шиеленіскен, күрделі мәселелерін тиімді шешуге ықпал етіп отыратын қолында шексіз билігі бар тұлға. Қазақ халқының қоғамдық өмірінде елеулі орын алған үш би белгілі, олар: Қазыбек би, Төле би, Әйтеке би.

Жиренше шешен, Арғын Абыз шешен, Әнет баба, Жетес би, Бөлтірік Әлменұлы–шешен, Төле би, Қазыбек би, Байдалы шешен, Тіленші би т.б. би, шешендердің басты мүддесі қиын, қыстау ахуалдарда ел қамын ойлау, жол тауып шығу болатын. Олар біреулерден жәбір көріп жапа шеккен жеке адамдардың мүддесін, отбасы, әйелдер мен балалар, жастардың қоғамдық ортадағы қиыншылықтарын көре білген және оларды шешуге қолқабыс еткен.

Біз қаншалықты зайырлы мемлекет болсақ та, дін қоғамдық өмірден орын алып, қоғамдық сананың әсері қуатты түрі екенін мойындауымыз керек. Дін проблемасы–оны дұрыс түсінбеуден, діни танымның таяздығы не оның болмауы жастар мен балалардың теріс жолға түсуіне себеп болуда. Мектептегі «Дінтану» сабағын қайта қалыбына келтіру осыған орай көп мәселені шешетін еді. Бұл екі мәнде–діни тәрбие және діни таным түрінде болуы мүмкін. Бізге қажеттісі діни таным. Бұл екеуі де қазір отбасының құзырында болуы себепті әртүрлі ауытқулар бар. Себебі ата-аналардың діни танымы жеткіліксіз. Сондықтан болашақ әлеуметтік педагогтардың осы бағытта сауатын ашу, балалармен жұмыста септігін тигізбек. Олар төрт дәстүрлі дін және діни ағымдар жайлы сауатты болуы маңызды.

Қай дінді алып қарасақ та, адамзатының табиғи болмысы ескерілген. Басқаша айтқанда, адамның ішкі жан–дүниесінің ерекшеліктерін, психикасының қызметін, өмір сүрген табиғи орта мен әлеуметтік ортаның ерекшеліктеріне сай қалыптасқан көзқарасын ескереді. Сондықтан бүкіл әлемдегі адамдар қауымын бір ғана дінге емес жалпы төрт дінге бағынуын уағыздайды.

Құран немесе Құран Кәрім Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с) аян арқылы түскен Алланың сөзі, мұсылмандардың қасиетті кітабы, адамзатты ізгілікке бастайтын Алланың рахымы. Құран туралы оның өзінде «Міне осы кітапта күдік жоқ, бұл тақуалар үшін тура жол көрсетуші» (Бақара сүресі) делінсе, Фурқан сүресінде «Ақиқат пен жалғанды айырушы... Күллі әлемге ескертуші болу үшін құлына Құранды түсірген. Алла тағала ең ұлық»–делінген.

Түркілердің дәуірлеп тұрған заманындағы қоғамдық ахуал мен тарихи кезеңнен мәлімет беретін көне жазу ескерткіштердің ең ірісі Орхан-Енисей жазбалары, қазақ жеріндегі сол дәуірден мәлімет беретін Құлы-Шора, Мойын-Шора басқа да жазбалар табылған.

Орхан-Енисей жазбалары—«Күлтегін», «Білге-қаған», «Тоныкөк»-дастандарынан құралады. Сол кездегі басты әлеуметтік мәселе, әрине әр түрлі соғыстардан кейінгі туындайтын киім, ас тапшылығы, соғыста бағушысынан айрылған отбасыларының кедейшілігі мен жетім бала, жесір әйел, қарттардың күн көрісінің қиындауы, тұтқынға түсіп қалған соң көрген құлдық, күндік ахуалы, соғыс салдарынан егін егіп, мал өсіру мүмкіндігінің болмауы, не болмаса тапқан, жиған мал-мүлкінің талан-таражға түсуі т.б.

Әлеуметтік-педагогикалық мәні бар ежелден бізге келіп жеткен шығармалардың бірі «Қорқыт ата кітабы». Ежелгі қазақ жеріндегі (түрік дәуірі) әлеуметтік ахуал және ондағы тәлім-тәрбие мәселелеріне қатысты алдымен Қорқыт ата-қазақ халқының ғана емес бүкіл түрік әлеміне ақылы мен даналығы жеткен тұлға. Оның «Қорқыт ата» кітабында қарапайым халықтың, соның ішінде жарлы-жақбай, жетім-жесірдің жай-күйін ойлағаны, бала тәрбиесінің маңыздылығына назар аударғаны байқалады. Оның төрт түрлі әйелге берген сипаттауы осы күні де маңызын жойған жоқ: олар салақ, олақ, қыдырмаш, отбасының берекесі деп сипатталған.

Өлемнің екінші ұстазы атанған әбу Насыр әл-Фараби әлеуметтік өмірдің дамуы мәдени дамумен ұштасып, астарласып келетіндіктен дәл осыдан-ақ шығыс әлемінің қоғамдық мәдени әлеуметтік дамуының батысқа қарағанда ертерек басталғанына куә. Сол себепті осы пәнді оқытуды шығыс әлемінен бастаған жөн дейтінміз.

Ғұлама, ғалым әл-Фарабидің әлеуметтік-педагогикалық ой-пікірлерін оның «Философиялық трактаттар» және «Әлеуметтік-этикалық трактаттар» деген еңбектерінен айқын көруге болады. Солардың ішінде оның басты пікірі «Жаман мінез-құлық-рухани кесел»-дегені. Осы ретте ол адам ең жоғары кемелдік дәрежесін жалғыз жүріп таба алмайды, керісінше қандай да бір адамдар қауымын қажет етеді. Сондықтан дейді әл-Фараби «бір-біріне көмектесіп отыратын, біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселердің бір бөлігін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестіктері арқылы ғана адам өзінің жаратылысына сай кемелділік дәрежесіне жете алады»-дей келе, міне осы адамзат қоғамының туындауына себеп болғанын айтады. Оның қалыптылық және ауытқу туралы «қалыптан жоғары болса да одан төмен болса да ауытқу болып саналады»-дегені әлеуметтік педагогика үшін маңызды.

Төмендегі ғұламалардың еңбектерін әлеуметтік-педагогикалық тұрғыда оқыту қажет:

1. Махмуд Қашғари «Түркі тілдерінің жинағы» шығармасындағы әлеуметтік-педагогикалық идеялар.

2. Жүсіп Баласағұни «Құтты білік» еңбегіндегі әлеуметтік-тәлімдік ойлар жүйесі

3. Ахмет Иассауи «Даналық кітабындағы» әлеуметтік-тәлімдік ойлар.

4. Ахмет Йүгнеки «Ақиқат сыйы» кітабындағы әлеуметтік-тәлім тәрбиелік пікірлер.

5. Сүлеймен Бақырғани-Бақырғани кітабындағы әлеуметтік тәрбиелік ойлар.

6. Қыпшақтың жазба кітабы-Кодекс Куманикус

7. Рабғузи қиссаларындағы әлеуметтік ой-пікірлер

8. Құтып. «Хұсрау-Шырын» дастанындағы әлеуметтік ойлар

9. Хорезми «Махаббатнама» шығармасындағы әлеуметтік тағылымдар

10. Хұсам Катиб «Жұмжұма сұлтан»-шығармаларындағы әлеуметтік-тәрбиелік ойлар

11. Саиф Сарай «Жәдігернама (Гүлстан)»-әлеуметтік-педагогикалық ойлар.

Аталық институты. Түрік дәуірінде туындап хандық дәуірде кең етек алған болашақ тақ иесі немесе оның біртуғандарына «аталық» тағайындау дәстүрі қыпшақ даласындағы ұл бала тәрбиесінің басқалардан ерекшелігін көрсетеді. Мұндағы басты мақсат ұл баланы ер мінезді, батыр тұлғалы, тәлім-тәрбиенің сол кездегі озық үлгілерін бойына сіңіру болды. Аталық сол мемлекеттегі аса дарынды, білімдар және тәрбиелі данагөй есептелген адам болуы тиіс. Мұсатай ғалым «...Абылай, өзінің аталығы Оразбен бір атқа мінгесіп Түркістаннан Арқаға, ең жақын туысы Әбілмәмбет ханға аттанған...» – деп жазады Ш.Уәлиханов [15]. Академик В.В.Вильяминов-Зерновтың айтуынша «аталық» аталған адамдар хандардың балаларын тәрбиелеген. «Бұхар трактаты» –деген құжатта «Аталық-мұрагерін тәрбиелеу үшін ханның өзі тағайындайтын ең жоғарғы мемлекеттік лауазым. Егер мұрагер өте жас болса, аталық өкіл ата міндетін атқарады» делінген-деп келтіреді М.Ғали.

Аштархандық Имамқұл (1611–1642) ханның інісі Надыр Мұхаммед әскери қолбасшылық, ел басқару ісі секілді лауазымдарда қызмет еткен Жалаңтөс баһадүрдің «мәртебесі тағыда жоғарылап,

аталық болды—деп жазады Н.Өткелбаев [16]. Аталық уазипасындағы қызметші бірінші лауазым болып хандықтағы бүкіл құрылымға, әсіресе ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз етуге жауапты болғаны дейді. Аталық лауазымының мәнін оның «...өзі әскер басшы, әрі хандықтың аталығы... олжа, пайдаларды аталық-әкімдік лауазымына сүйене отырып көріктендіру ісіне жұмсады»—дейді.

Сүт ана—аталық секілді хандар мен патшалар әулетінің қыз балаларын тәрбиелеу міндеті жүктелген әйел адам. Әдетте сүт анасы қыз бала туған күннен бастап оны емізіп, бағып-қағып дегендей бүкіл тәрбиесі мен бағып күтуін іске асырады. Бұл қызметке жас босанған аналар ауқатты, тәрбиелі отбасыларынан алынып белгіленген. Сонымен қатар жүріс—тұрысы ұнамды ауқаты орташа адамдар мен кедей отбасыларынан да алынған жағдайлар да тарихта кездесіп қалады. Сүт анасы қыз баланың бүкіл тәлім—тәрбиесіне жауапты тұлға.

Қазақ жеріндегі әлеуметтік—тәрбиелік ойлардың дамуына қоғамдық саяси ахуал, тұрмыс тауқыметі біз қарастырып отырған кезеңдегі жауынгершілік-соғыстар мен табиғи жағдайлар әсер еткені белгілі. Белгілі ғалым С.Қалиев ақын—жыраулардың қоғамдағы атқарған қызметтерін зерделей келе, оларды жалпы жырауларды жауынгер жырау, тәлімгер жырау, мәмлегер жырау—деп үш топқа бөледі. Ал біз олардың қоғамдағы әлеуметтік—тәрбиелік қызметін талдай келе, өзгеше топтастыруды және атқарған қызметін басқаша, әлеуметтік сипатта беруге ұмтылды.

Ақындар мен жыраулар бірнеше қызметті—ақылгөй, жауынгер, батыр, қолбасшы, ел басқарған көсем міндеттерін қоса атқарып халықтың хал—жағдайын бірге ойластырып отырған. Осы уақытқа дейін ақын—жыраулар шығармаларынан даналық пікірлер немесе философия, тәлім—тәрбиелік—этнопедагогика, адамның жан—дүниесіне қатысты психологиялық ойларды іздеп тауып оқу—тәрбие істерінде пайдалану жолдары да қарастырылып келеді. Бұл жерде тек әлеуметтік мәселелерге байланысты тұстарын ғана бөле—жарып қарастырамыз. Өйткені біз айтып өткендей жалпы педагогикалық, психологиялық, этнопедагогикалық мен этнопсихологиялық тұрғыдан олар талданып келеді. Ақын—жыраулар поэзиясының мынадай бірнеше түрлі әлеуметтік—тәлімдік қызметін атап өтуге болады:

1. Ел билеушілердің басқарудағы кетірген кемшіліктерін талдап, оның халық тұрмысына тигізетін теріс ықпалын өткір сөздер арқылы ұтымды жеткізумен бірге ол қателіктерді жою жолдарын да көрсету.

2. Ел билеушілерге өзіне қарасты халыққа қайырымды болудың мән-жайын түсіндірмелеу, ел арасындағы ғаріп-жесірдің хал-жайын жақсарту керек екендігін сол арқылы ел арасындағы әлеуметтік мәселелерді шешу мүмкіндіктерін белгілеу.

3. Билік басындағы адамдар, елге танылған батыр, би, молда т.б. мінез - құлқындағы кемшіліктердің басқарып отырған халыққа тигізетін теріс жақтарын пайымдап, нақты көрсете отырып сынау және оны жою жолдарын да нұсқау.

4. Халық арасындағы жекелеген адамдардың мінез- құлқы мен жүріс-тұрысындағы, іс-әрекетіндегі кемшіліктер мен ауытқуларды пайымдап айтып отыру; ақыл кемістігі мен дене кемістігі бар адамдарға қайырымды болу, қателескендерге рахымды болудың мән-жайын түсіндірмелеуде, оны адамдық парыз ретінде қарастыра келіп, белгілі бір қоғамда өмір сүру қағидаларын ашып көрсетеді.

5. Отбасы тәрбиесіндегі келеңсіздіктердің онда өсіп келе жатқан жастарға тигізетін кері ықпалы, әсіресе қыз бала мен ұл баланы қатарға қосуда—әлеуметтендіруде мән беретін ахуалдарды нақтылап көрсетіп отыру.

6. Адамдар арасындағы қарым-қатынастың әлеуметтік тәлім-тәрбиедегі маңызы, әсіресе ерекше жағдайларда (соғыс, күйзеліс т.б.) адамгершілік істердің қоғамдық өмірдегі алатын орнын пайымдау.

7. Ақын-жыраулар қазақ жерімен іргелес отырған елдердің пиғылын пайымдап, болашақта тигізетін теріс әсерін нақтылап айтып отырған; олардың елге жаман қылықтарды насихаттап «оң, солын тани қоймаған жастарды» теріс істерге үгіттеп, елді бұзатынын пайымдаған; жекелеген адамдар мен бүкіл бір қоғамның болашағын болжау—жаманнан сақтандыру, жақсыға бағыттау.

8. Ауыр тұрмыстан қажыған, өмірінде қиыншылықтарды көп көрген адамдарды жігерлендіріп, «жүрекке жылы, жанға дауа» сөзбен болса да көңілін аулап жақсылықтан үміт үзбеуге үндеп былайша айтқанда «қатарға қосу»—реабилитация қызметін атқарған.

Сал-серілер ән-күймен халықтың көңілін көтерсе, ақын—жыраулар елдің мұң-мұқтажын билеушілерге жеткізу мен бірге әлеуметті сауықтыру, рухани жан—дүниесін емдеу қызметін өтеген. Олар ел-жұрт күйзеліске ұшыраған жағдайда басу айтып, дағдарған тұста одан шығу жолын көрсеткен. Мысалы Бұхар жыраудың «Ай, хан мен айтпасам білмейсің» деген толғауымен Дулат

ақынның «Тегімді менің сұрасаң» толғауын т.б. ақын–жыраулардың осы іспетті шығармаларын айтуға болады.

Асанқайғы (ХҮ ғ.) мемлекет қайраткері, жырау, би, ойшыл (философ) ол өз басының ғана қамын ойламай бүкіл халықтың жайын ойлаған, елді аузына қаратқан даналардың бірі Асанқайғы Сабитұлы деректерге қарағанда ХҮ ғ. өмір сүрген.

Қазтуған Сүйінішұлы ХҮ ғ. өмір сүрген–жауынгер жырау. Оның шығармаларынан бізге жеткендері «Бұдырайған екі шекелі», «Алаң да алаң», «Белгілі биік көк сеңгір» деген толғаулар. Қазтуғанның жырларына қарағанда ол осындай соғыстарға көп араласқанға ұқсайды. Ол батырлық пен ерлікті, елге деген сүйіспеншіліктен туындайтын жеке адамдардың іс–әрекетіндегі құбылыс ретінде қарастырады. Осы күндері біз нағыз ердің сипаты осы болар–деп теледидардағы атыс–шабыстардың кейіпкерлерін көріп жүрміз. Олар емес бізге өзіміздің ұлттық өлшеулерімізді байрығы әдеби мұралар мен тарихи деректерден іздеп тауып, соны пайдалану қазақ халқының денсаулығымен дене қуатының көрнекілігі болмақ. Әлеуметтік өзекті мәселелердің бірі денсаулық болып отыр. Бұл ретте, Қазтуғанның өзіне берген сипаттамасы қазіргі кездегі ержігіттің тұлғасы қандай болу керек деген сауалға жауап береді.

Доспамбет жырау ХҮІ ғ. – (1490-1523ж.ж.) Ол көптеген шайқастарға қатысқандықтан соғыс тауқыметін бастан кешкен. Оның, отаншылдық сезім, тәлім–тәрбиелік пікірлерге толы жырларының бірі «Ағарып атқан таңдай деп» толғауында мінген арғымағы мен өзіне оқ тиіп күйзелгенін Шалкиіз (Шәлгез) жырау (1465-1560 ж.ж.)–кейбір әдебиеттанушылар Шәлгез–деп те атайды. Аламан батыр, арқалы жырау, қазақ жыраулық поэзиясының атасы–деп танылған, мұсылманша жақсы білім алып, тамаша тәрбие көрген. Жырау шығармаларының мазмұнына қарап отырып, онда көпшілік пен қатар жекелеген тұлғалардың жан–дүниесі, әлеуметтік ахуалына жан–жақты тоқталғанын көруге болады.

Ақтамберді жырау (1675-1768) атақты батыр, ру басы, қазақ руларын атамекенге орналастыру ісіне үлес қосқан. Қазіргі заманның басты әлеуметтік мәселелерінің бірі отбасында балалардың әкесіз өсуі немесе ананың жалғыздығы мен бір ғана жалғыз баланың болуы. Осыдан келіп көптеген тәлім–тәрбиелік кемшіліктер мен келеңсіздіктер туындайды. Ақтамберді де отбасында жалғыз өскенге ұқсайды.

Бұхар жырау (1668-1781). Жалпы халықтың жай–күйін көп ойлаған адам болғандықтан оның шығармаларында әлеуметтік–тәлімдік пікірлер жеткілікті. Біздің мақсатымыз соларды іріктеп алып мән–мағынасын ашып көрсете отырып, жыраудың оларды шешу жолдарын көрсеткендігін пайымдай келе, болашақ әлеуметтік–педагогикалық қызметте қолдануға болатыны тұстарының бар екендігін байқауға болады.

Ұмбетей жырау (1706–1778). Ол білімдар, дарынды өнерпаз әке тәрбиесін көріп өскен өзі де өнерлі жас болған. Дарынды, отбасында көрген тәрбиесі толымдылар туралы ол «жастан шыққан жүйрікке жете алмассың»–деген жалғыз тармақшасында дарынды да талапты, жастайынан алдына қойған мақсаты бар, еңбекшіл болып өскен жеке тұлғаны кеш қалғандар қуып жетуі мүмкін емес дегенді білдіреді. Халқымызда «ақылды адам дарындылардың соңынан ереді, ақымақ оны аяқтан шалады»–деген сөз бар. Бұл негізінен дарындыларды бағалап, қадірлеу, еңбегінің пайдасын көруге шарт түзу керек дегенге саяды.

Көтеш ақын (1745–1818). Шығармаларында жоқшылықтан көрген зардабын, денсаулығы нашарлаған кезде туыстан қайыр болмағанын, хан басымен қарапайым адамдармен жауласудың ел ішіндегі бірлікке нұқсан келтіретін айтатын Шал ақын (1748–1819). Оның әйел мінезіндегі долылыққа берген сипаттамасын «жаңжалшыл, ұрысқақ, ауылды торықтырады, кесапаты өз басынан асып еріне де тиетін албасты, пері... жаман қатын мандайға біткен сор»–деп келтіреді. Сол кездегі барлық ақын–жыраулар секілді ол да жақсы мен жаманға қылығы мен мінезіне қарай сипаттама береді. Мысалы, жаман: тамаққа өкпелейді, тия алмаса нәпсі жаман, ісі елден озық, даңқы көпке тараған жігіт жақсы.

Жанақ ақын (1770–1856). Шұқығандай сөз тауып адамның мінін тайманбай бетке айтқан ақын «тілі ащы» атанған. Сонымен бірге оған байланысты бір оқиғаға қуа болғандар оны «арқалы» ақын дескен. ХІХ екінші жартысында өмір сүріп бірқатар еңбектер қалдырған белгілі тарихшы Құрбанғали Халидұлының «Тауарих хамса шарқи» (шығыстың бес халқының тарихы) кітабында осы Жанақ ақынға байланысты оқиға келтірілген [17, б. 89].

Махамбет Өтеміс (1804-1846) әр адам өз заманының перзенті деген сөз осы Махамбет секілді ерекше тұлғаларға қатысты айтылған болса керек. Патша үкіметінің қысағы, өрістің тарылып халықтың күн көрісінің қиындауы, оның өз басына түскен зұлматпен сай келгендіктен жігерлі,

қажыры қайратына сай, көзқарасы қалыптасқан батыр Исатай Тайманов пен қоса азаттық көтеріліске шыққан.

Дулат Бабатайұлы (1802-1871). Шығармасында, бозбаласы–бошалаң, антқор–дегені, берген серті мен антында, адал сөзінде тұрмайтын адам болса, «бошалаң» дегені бір–де бір істі соңына тыңғылықты жеткізе алмайтын адам; арам–залымдық, өтірік пен өзімшілдікке жол берген адам, тантық ойына келгенін істеп, аузына келгенін айтатын, ал сараң–қайырымсыз, түк бермейтін адамды халқымыз «қатты»–десе, бошалаң, бозбаласы–жасық, ырықсыз–дегенге саяды былайша айтқанда «төре деме төрені, ел тілегін таппаса». Оның белгілерін: қасиеті кеткен, елді судай сапырған, ылаңға жол берілген, елдік кетіп ыдырап, абройы төгіліп–деп, көрсетеді.

**Пікірталас (нәтижелерді талқылау).** Тарих–дегенде өткен дәуір, небір заман ойға оралып, қиялымыз шарықтап оқыған, естіген, білген тіпті көргеніміз көзалдына келеді. Тарихи кезендерді зерттеп ондағы кейбір оқиға, құбылыстар қоғамдық өзгерістер мен тарих қойнауындағы адамның санасы мен бүкіл бір халықтың немесе ұлттың ахуалын нақтылау, деректер, дәлелдер, айғақтар іздеп тауып, оның анық–қанығына көз жеткізу т.б. ғылыми–зерттеудің құзырында. Өйткені, «қоғам тарихы халықтың зердесі» - дейді тарихшы ғалымдар

Айта кететін жайт, жеке тұлғаға не болмаса ұлтқа, халыққа зияны тиетін кез–келген іс мейлі ол жеке адамның қылық–жорығы болсын, не болмаса белгілі бір топтың істегені болсын әлеуметтік мәселе ретінде қаралады.

**Қорытынды.** Тарихи, әдеби мұралардағы әлеуметтік–тәлімдік ойларды оқу мазмұнына ендіру бір жағынан білім алушылардың тарихи тәжірибелерді танып–білуі арқылы, тәжірибелік біліктілігін байытуға көмектесе, екінші бір жақтан, әлеуметтік педагог мамандардың ішкі жан–дүниесін байытып, сезім мен білімнің ұштасуына және оның іс–әрекетінде көрініс беруіне шарт түзеді. ХІХ ғ. мен төңкеріске дейінгі (ХХ ғ. бас кезіндегі) қазақ халқының саяси- экономикалық ахуалы және әлеуметтік тәлім–тәрбие мәселелері. Кеңес Одағы кезіндегі саяси–экономикалық ахуал және әлеуметтік–педагогикалық мәселелер. Егеменді Қазақстан және ондағы әлеуметтік–педагогикалық қызметтің дамуы–әлеуметтік педагогиканың тарихы тұрғысынан талдануы тиіс.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Халитова И.Р. Әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелері. – Алматы, 2006. – Б. 28. - кітап
2. Халитова И.Р. Әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелері. – Алматы, 2006. – Б. 15. - кітап
3. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 1998, – Т.1. – Б. 660. – кітап
4. Халидұлы Қ. Тауарих хамса (бес тарих). – Алматы, 1992. – Б. 9. - кітап
5. Халидұлы Қ. Тауарих хамса (бес тарих). – Алматы, 1992. – Б. 297. - кітап
6. Бержанов Қ., Мусин С. Педагогика тарихы. – Алматы, 1984. – 208 б. - кітап
7. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың педагогикалық ойлар антологиясы. – Алматы, 1995. – 259 б. - кітап
8. Құнантаева К.Қ. Қазақстанда білім беру ісінің дамуы. – Алматы, 2003. – 192 б. - кітап
9. Әбиев Ж. Педагогика тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2006. – 480 б. - кітап
10. Қабекенов Ф. Әлеуметтік педагогиканың тарихы: Оқу құралы / Ф.У.Қабекенов, Б.А.Есенбаева. – 2 басылымы. – Алматы: Қарасай, 2011. – 262 б. - кітап
11. Құнантаева К.Қ., Халитова И.Р. Қазақ жеріндегі ХІХ ғ. соңы ХХ ғ. бас кезіндегі педагогикалық ойлар. – Алматы, 2006. – Б. 59. – кітап
12. Ұзақбаева С.А. Этнопедагогика. – Алматы, 2019. – 317 б. - кітап
13. Педагогическая энциклопедия. – М., 1965. – С. 231. – кітап
14. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 1998. – Т.1. – Б. 317. – кітап
15. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалардың бес томдығы. – Т.1. – Алматы, 1984. – Б. 22. – кітап
16. Өткелбаев Н. Жалаңтөс баһадүр: Жаңа деректер//Егемен Қазақстан. 02.09.2005. – Алматы, - газет материалы
17. Халидұлы Қ. Тауарих хамса (бес тарих). – Алматы, 1992. – Б. 89. - кітап